	Теледидардың артқы және бүйір панельдеріндегі ұялар	39
	Наіег теледидарын қосу.....	40
	Компьютерді теледидарға қосу.....	40
	СІ модулін қосуға арналған ұя	41
03	Қашықтықтан басқару пульті	42
	Қашықтықтан басқару пульті.....	43
04	Пайдалану	44
	Орнату жөніндегі нұсқаулық	44
05	Ақаулықтарды анықтау және жою	55
	Техникалық сипаттамалар.....	56

01 Қауіпсіздік техникасы ережелері

СӘЛЕМДЕСУ

32" Full HD 1080P Digital СК теледидарды сатып алғаныңыз үшін алғысымызды білдіреміз.. Осы нұқсаулық Сізге теледидарыңызды дұрыс баптап, пайдалана бастауға көмектеседі.

Ең алдымен, жеткізілім жинағын келесі бақылау тізіміне сәйкес тексеріп алыңыз:

Full HD 1080P 32" СК теледидарды
қашықтықтан басқару пульті
екі AAA батареясы
пайдалану бойынша нұқсаулық
пайдалану бойынша қысқаша нұқсаулықSCART ұясы бар кабель
түпқойма

Енді іске кірісуге болады!

МАҢЫЗДЫ АҚПАРАТ

ПАЙДАЛАНУДЫҢ АЛДЫНДА ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША НҰҚСАУЛЫҚТЫ ОҚЫП ШЫҒЫП, ОНЫ АЛДАҒЫ ҚОЛДАНЫС ҮШІН САҚТАП ҚОЙЫҢЫЗ.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!



**ЭЛЕКТР ТОҒЫ СОҒУ ҚАУПІ БАР!
АШПАҢЫЗ!**



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

ЭЛЕКТР ТОҒЫ СОҚПАУ МАҚСАТЫНДА ТЕЛЕДИДАРДЫҢ АРТҚЫ ПАНЕЛІН АШУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. ПАНЕЛЬДІҢ АСТЫНДА ПАЙДАЛАНУШЫ ЖҰМЫС ІСТЕЙ АПАТЫН ЖАДБЫҚ ЖОҚ, ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫНА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ. «АБАЙЛАҢЫЗ: ЖОҒАРЫ КЕРНЕУ!» БЕЛГІСІ (НАЙЗАҒАЙ СУРЕТІ БАР ҮШБҰРЫШ) ҚҰРЫЛҒЫ ІШІНДЕГІ КЕРНЕУДІҢ ЖОҒАРЫ ЕКЕНІН БІЛДІРЕДІ. ҚҰРЫЛҒЫ ІШІНДЕГІ КЕЗ КЕЛГЕН ДЕТАЛЬҒА ТИЮ ҚАУІП ТӨНДІРЕДІ..



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: ӨРТ ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ТОҒЫ СОҒУЫН БОЛДЫРМАС ҮШІН ТЕЛЕДИДАРДЫ ЫЛҒАЛ КӨЗДЕРІНЕ ЖАҚЫН ОРНАЛАСТЫРУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. ЭКРАНДЫ СЫЗЫП КЕТУІ НЕ ЗАҚЫМДАУЫ МҮМКІН ҰНТАҚ ЖУҒЫШ ЗАТТАРДЫ ПАЙДАЛАНБАҢЫЗ. СК ЭКРАНДЫ ЗАҚЫМДАУЫ МҮМКІН ЗАТТАРДЫ ТИГІЗБЕУГЕ ТЫРЫСЫҢЫЗ.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: ДЕНЕ ЖАРАҚАТЫ МЕН ҚҰРЫЛҒЫ БҰЗЫЛУЫН БОЛДЫРМАС ҮШІН ҚҰРЫЛҒЫНЫ ӨЗ БЕТІҢІЗБЕН ЖӨНДЕУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ. ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША САТЫП АЛУШЫЛАРҒА ҚОЛДАУ КӨРСЕТУ ҚЫЗМЕТІНЕ ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

- Назар аударыңыз: электр тогы соқпас үшін теледидардың артқы панелін ашпаңыз. Құрылғы корпусында пайдаланушы жұмыс істей алатын жабдық жоқ. Барлық техникалық қызмет көрсету мәселелері бойынша білікті мамандарға хабарласыңыз.
- Назар аударыңыз: өрт немесе электр тогы соғуын болдырмас үшін құрылғыға ылғал тиюіне жол бермеңіз.
- Құрылғыға не адаптерге су (тамшы, бүркінді) тиюіне жол бермеңіз, сұйықтығы бар заттарды (мысалы, вазаларды) құрылғыға қоймаңыз.
- Құрылғыны күн сәулесінің тікелей түсуінен және жылытқыштар мен пештер сияқты жылу көздерінен қорғаңыз.
- Теледидар корпусындағы желдеткіш саңылауларды жаппаңыз, себебі олар желдетуді қамтамасыз етуге арналған. Желдеткіш саңылаулар жабылып қалмауы үшін, теледидарды жұмсақ беттерге (мысалы, жастықтарға, диванға) орналастырмаңыз.
- Түпқоймаға, штативке, кронштейнге немесе үстелге олар орнықсыз болған жағдайда құрылғыны орнатпаңыз. Құрылғы құлауы ықтимал бұл – оның зақымдалуына немесе адамның жарақат алуына алып келуі мүмкін.
- Құрылғының панеліне немесе рамасына ауыр немесе өткір заттар қоймаңыз.
- Құрылғыны пайдаланбайтын болсаңыз, оны қуат көзінен ажыратыңыз.
- Батареяларды утилизациялау талаптарына назар аударыңыз.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** батареяларды жылу көздеріне, отқа жақын және күн сәулесі тікелей түсетін, т.с.с. жерлерге орналастырмаңыз.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** құлаққаптардағы немесе колонкалардағы шамадан тыс қысым есту қабілетінен айырылуға себеп болуы мүмкін.
- **НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ:** түпнұсқалық қосалқы/қосымша құрылғыларды пайдаланыңыз.



Бұл белгі ЕО аумағында құрылғыны басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге утилизациялауға болмайтынын білдіреді. Дұрыс емес утилизациялау салдарынан қоршаған ортаға немесе адамдардың денсаулығына ықтимал зарар келтірмес үшін және өңделген материалды қайтара пайдалануды қамтамасыз ету үшін, тиісті қайта өңдеуге көңіл бөліңіз. Пайдаланылған құрылғыны қайтару үшін, қайтару және жинау орталықтарына немесе құрылғыны сатқан сатушыға хабарласыңыз. Осылайша құрылғыны экологиялық қауіпсіз қайта өңдеуге бағыттауға болады.




САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ



Назар аударыңыз



Жоғары кернеу пайдаланылады. Теледидардың артқы панелін ашпаңыз. Барлық техникалық қызмет көрсету мәселелері бойынша білікті мамандарға хабарласыңыз.



Назар аударыңыз



Өрт шығуын немесе электр тогынан зақымдануды болдырмас үшін, теледидарға су тиюіне жол бермеңіз.



Назар аударыңыз



Теледидар корпусына және желдеткіш саңылауларына бөгде заттарды түсіріп алмаңыз және тықпаңыз. Теледидарға ылғал тиюіне жол бермеңіз.



Назар аударыңыз



Теледидардың артқы қақпағындағы желдеткіш саңылауларды жаппаңыз. Тиісті желдету электр құрамдас бөліктердің бұзылуының алдын алады.



Назар аударыңыз



Теледидарды қорек бауының үстіне қоймаңыз.



Назар аударыңыз



Теледидарға немесе теледидар түпқоймасына шықпаңыз, сүйенбеңіз және оны итермеңіз. Балаларды әрекеттерден сақтандырыңыз. Теледидардың құлауы ауыр жарақат алуға апарып соғуы мүмкін.



Назар аударыңыз




Теледидарды орнықсыз түпқоймаға, сөреге немесе үстелге орналастырмаңыз. Теледидардың құлауы ауыр жарақат алуға және құрылғының зақымдалуына апарып соғуы мүмкін.



Назар аударыңыз



Теледидарды ұзақ уақыт бойы қолданбайтын болсаңыз, оны қорек көзінен ажыратып тастаңыз.



Назар аударыңыз



Егер теледидарды жиһазға немесе сол сияқты конструкцияға монтаждағыңыз келсе, тиісті минималды аралықты сақтаңыз. Жылу шығару қауіпті болуы және теледидарыңыздың қызмет ету мерзімін қысқартуы мүмкін.

02 Кіріспе

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Теледидардың ішкі құрамдас бөліктерімен немесе нұсқаулықта ескертілмеген басқа да реттеуіш құрылғылармен ешқандай әрекет орындамаңыз. Жарықдиодты жарықтандыруы бар теледидардың барлығы жоғары кернеулі электр жабдығы болып табылады.

ЭКРАННАН, КОРПУСТАН, түймелердің айналасынан немесе қосқыш кабельден шаңды немесе су тамшыларын сүрткенде теледидар қорек көзінен ажыратулы болуы керек. Теледидарды жұмсақ, құрғақ әрі таза матамен сүртіңіз.

Найзағай ойнағанда антеннаны өшіріңіз, сондай-ақ, теледидар немесе оған қосылған басқа да құрылғылардың зақымдалуын болдырмау үшін, теледидарды қорек көзінен ажыратыңыз.

Теледидарды тек білікті мамандар жөндеуі тиіс.

ОРНАТУ

*Теледидарды экранына күн сәулесі тікелей түспейтіндей етіп орналастырыңыз.

*Жарықтың мүлде болмауы немесе жарықтың экранға шағылысуы көзге күш түсіруі мүмкін. Теледидар қарау жайлы болуы үшін жұмсақ жарықтандыру ұсынылады.

*Теледидарды қабырғаға тақап қоймаңыз. Желдетуді қамтамасыз ету үшін орын қалдырыңыз.

*Корпустың зақымдалуын немесе теледидардың ішкі құрамдас бөліктерінің уақытынан бұрын бұзылуын болдырмау үшін, жоғары температураның әсер етуіне жол бермеңіз.

*Теледидар жұмыс істеп тұрғанда желдеткіш саңылауларды жаппаңыз.

НЕГІЗГІ СИПАТТАМАЛАРЫ

1. Теледидар, видео қарауға арналған экран, компьютер экраны ретінде пайдалану мүмкіндігі;
2. Жоғары деңгейдегі жарықтылық, кең көру бұрышы;
3. HDMI және SCART интерфейстері;

4. NICAM жүйесі;
5. Timeshift функциясы;

НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРІ

Экран	32"
Телевизиялық жүйе	PAL-B/G,I,D/K SECAM-B/G,D/K,L,L"
Видеосигнал жүйесі	PAL/SECAM
Қорек кернеуі	Қорек 220-240 В 50 Гц
Тұтынылатын қуаттылық	75 Вт
Күту режимінде тұтынылатын қуаттылық	< 0,5 Вт
Дыбыс қаттылығы	2x8 Вт
Сигнал енуі	Аналогтық RGB(PC) x1; PC аудио x1 Ажыратымдылығы жоғары мультимедиялық интерфейс (HDMI) x 2 Видеосигнал енуі x 1 Аудиосигнал енуі x 1 YPb Pr x 1 SCART x 1 CI x 1 USB x 1 RF Co-Ax x 1
Сигнал шығуы	Құлаққаптар x 1 S/PDIF x 1
Келденең ажыратымдылығы	Толық видеосигнал енуі ≥350 YPb Pr ≥400


КОМПЬЮТЕР

АЛДЫН АЛА БАПТАУ РЕЖИМІ


	АЖЫРАТЫМДЫЛЫҚ	ТІК ЖАЙМА ЖИЛІГІ (Гц)	КӨЛДЕНЕҢ ЖАЙМА ЖИЛІГІ (Гц)
1	640x480	60	31,47
2	800x600	60	37,88
3	1024x768	60	48,36
4	1360x768	60	47,7
5	1280x1024	60	63,98
6	1920x1080 (19"-дан өзге)	60	66.64

ТҮПҚОЙМАСЫН ҚҰРУ БОЙЫНША НҰСҚАУЛЫҚ

1. Түпқоймаға тағанды көрсеткі бағытымен енгізіп, бір винтпен бекітіңіз.



2. Жиналған тағанды теледидардың артқы панеліне көрсеткі бағытымен енгізіп, бір винтпен бекітіңіз.



ОРНАЛАСТЫРУ БОЙЫНША КЕҢЕСТЕР

Теледидарды экранына күн сәулесі тікелей түспейтіндей етіп орналастырыңыз. Жарықтың мүлде болмауы немесе жарықтың экранға шағылысуы көзге күш түсіруі мүмкін. Теледидар қарау жайлы болуы үшін жұмсақ жарықтандыру ұсынылады.


Теледидарды қабырғаға тақап қоймаңыз. Желдетуді қамтамасыз ету үшін орын қалдырыңыз.

Корпустағы зақымдалуын немесе теледидардың ішкі құрамдас бөліктерінің уақытынан бұрын бұзылуын болдырмас үшін, жоғары температураның әсер етуіне жол бермеңіз.


ҚАБЫРҒА МОНТАЖЫ

Қабырға монтажі келесі жолмен іске асырылады:


1. Жарықдиодты жарықтандыруы бар теледидарды экранын төмен қаратып қатты жерге орналастырыңыз. Экранды зақымдалудан сақтау үшін, алдын ала жұмсақ материал төсеңіз.
2. Теледидардың түпқойма құрылғыға бекітілетін төменгі жағынан винттерді алып тастап, түпқойманы ажыратыңыз (оны алдағы қолданыс үшін қауіпсіз жерде сақтаңыз).




3. Теледидарды оның артқы панеліндегі төрт стандартты саңылау көмегімен кронштейнге (жинаққа кірмейді) бекіту үшін, төрт винтті пайдаланыңыз.



Алдыңғы басқару панелі




1. Фотокабылдағыш терезесі
2. Жарықдиодты индикатор: көгілдір – теледидар қосулы; қызыл – теледидар желіге қосулы
3. Түймелер



1. **SOURCE** – кіріс сигналы менюін шығару түймесі
2. **MENU** – негізгі менюді шығару түймесі
3. **CH+/CH-** – қарау режимінде бұл түймелер келесі/алдыңғы бағдарламаға ауысу үшін қызмет етеді; **MENЮ** режимінде олар таңдауды іске асыру үшін қызмет етеді; егер теледидар қорекке қосулы болса, бұл түймелерді қосу үшін пайдалануға болады.
4. **VOL+/VOL-** – дыбыс деңгейін реттеу түймелері; **MENЮ** режимінде олар таңдалған параметрді реттеу үшін қызмет етеді.
5. **STAND BY** – теледидар желіге қосулы.

Теледидардың артқы және бүйір панельдеріндегі ұялар



4. Оң/сол жақ аудио	кіріс	9. HDMI 1	кіріс
3. Видео	кіріс	10. Құлаққаптар	аналогтық аудио шығыс
5. S/PDIF	сандық аудио шығыс	11. Жалпы интерфейс	кіріс
2. YPbPr	кіріс	12. Компьютерді қосқанда дыбыстық сигнал беруге арналған кіріс	кіріс
6. SCART	кіріс	13. VGA	кіріс
7. USB	кіріс	14. RF	кіріс
8. HDMI 2	кіріс		

Haier теледидарын қосу

АНТЕННАНЫ ҚОСУ

Антеннаны теледидардың артқы жағындағы ұялар панелінде орналасқан ANTENNA IN ұяшығына енгізіңіз.

СИГНАЛДЫ ЖАҚСARTY

Сигнал нашар жерлерде кескін сипатын жақсарту үшін сигнал күшейткішін (жеткізу жинағына кірмейді) қолданыңыз.

Компьютерді теледидарға қосу

Теледидарды компьютерге арналған монитор ретінде пайдалануға болады, бұл үшін оны VGA кабелінің (жеткізілім жинағына кірмейді) көмегімен қосу керек.

1. Компьютер нұсқаулығын оқып шығып, VGA ұясының бар-жоғын анықтаңыз.
2. Теледидар мен компьютерді желіден ажыратыңыз.
3. D типті қосқыш 15-штырқыовый кабельді компьютердегі VGA видеоинтерфейс ұясына қосыңыз. Кабельдің екінші ұшын теледидардағы интерфейс ұясына қосыңыз. VGA ұяларындағы винттерді бекітіп, аудио кабельді (жеткізілім жинағына кірмейді) теледидардың артқы панеліндегі ұяға қосыңыз.
4. Алдымен теледидарды, сосын компьютерді қосыңыз.
5. Теледидардағы немесе қашықтықтан басқару пультіндегі кіріс видеосигналын баптау түймесін басыңыз.
6. Анық кескінге қол жеткізу үшін компьютер мониторының ажыратымдылығын өзгертіңіз, басқа жаңарту жиілігін таңдаңыз немесе менюде жарқындық пен контрасты реттеңіз.

DVD-ойнатқышты немесе видео-магнитофонды теледидарға қосу

DVD-ойнатқышты немесе видеомагнитофонды теледидарға қосудың екі тәсілі бар. Қоспас бұрын теледидар мен қосылатын құрылғының өшірулі екеніне көз жеткізіңіз.

1. DVD-ойнатқыштың немесе видеомагнитофонның аудио- және видеокабелін теледидардағы AV IN ұясына енгізіңіз.
2. Аудиокабельдің оң және сол ашасын сәйкес ұяшыққа енгізіңіз (8)

AV режимін таңдау үшін кіріс видеосигналды баптау түймесін (SOURCE) басыңыз.

SCART ҰЯСЫ

1. Сыртқы құрылғының (DVD-ойнатқыш, телевизиялық немесе ойын приставкасы) SCART бауын теледидардағы SCART штепсельдік ұясына жалғаңыз.
2. SOURCE түймесін басып, SCART режимін таңдаңыз.
3. Сыртқы құрылғыдағы PLAY (Бастау) түймесін басыңыз.

HDMI ҰЯСЫ

1. HDMI құрылғысынан кабельді теледидардағы HDMI ұясына жалғаңыз.
2. SOURCE түймесін басып, HDMI режимін таңдаңыз.
3. HDMI құрылғысын пайдалану бойынша нұсқаулықпен танысыңыз.

ҚҰЛАҚҚАПТАРҒА АРНАЛҒАН ҰЯ

Құлаққаптар ұясын құрылғыдағы тиісті ұяға (HEADPHONE) енгізіңіз. Енді құлаққаптар қосулы.

S/PDIF ҰЯСЫ

S/PDIF бұл – аудио құрылғыны, мысалы, үй кинотеатрын немесе басқа да сандық HiFi жүйелерін кішігірім қашықтықтан қосуға пайдаланылатын сандық аудио қосылым. Сигнал RCA ұялары бар коаксиалды кабель арқылы беріледі.


1. Қоспас бұрын теледидар мен қосылатын құрылғының өшірулі екеніне көз жеткізіңіз.
2. AV кабельдерін (жинаққа кірмейді) теледидардың S/PDIF ұясына және үй кинотеатрының аудио жүйесіне немесе HiFi сандық жүйесіне қосыңыз.

CI модулін қосуға арналған ұя

Бұл ұя ақылы қосымша арналар мен басқа да қызметтерге қатынасты қамтамасыз ететін шартты қатынас модульдеріне (CI) және қайта кодтайтын карталарға (Smart card) арналған. Модульдер бойынша толығырақ мәлімет алу үшін, осындай қызметтерді ұсынатын провайдерге хабарласыңыз. Шартты қатынас модульдері мен қайта кодтайтын карталар теледидармен бірге жеткізілетін жинаққа кірмейтінін ескеріңіз.

Ескерту


- Шартты қатынас модулін ұяға орнатпас бұрын теледидардың желіден ажыратылғандығына көз жеткізіңіз.
1. Шартты қатынас модулі мен қайта кодтау картасын теледидардың бүйір панелінде орналасқан ұяға орнатыңыз.




2. Теледидарды қосыңыз. Егер қатынас модулі анықталса, экранның төменгі жағында сәйкес хабар пайда болады. Картаның толық белсендірілуіне дейін бірнеше секунд күте тұрыңыз.

CI Module Inserted


3. Менюді шығару үшін ОК түймесін басыңыз. және түймелерінің көмегімен қажетті опцияны таңдап, таңдауды растау үшін ОК түймесін басыңыз.



03 Қашықтықтан басқару пульті



ҚБ пультіне батареяларды орнату



1. Батареяларға арналған бөлімше қақпағын ашыңыз.
2. AAA типті екі батареяны полярлығын сақтап орнатыңыз.
3. Батареяларға арналған бөлімше қақпағын жабыңыз. Батареяларды келесі жағдайда ауыстырыңыз: ҚБ пультінің жұмысында ақау бар; теледидарды ҚБ пультімен басқару мүмкін емес.

Ескерту:

1. Сілтілік батареяларды қолдану ұсынылады.
2. Батареялар жұмыс істемесе немесе ҚБ пультін ұзақ уақыт бойы қолданбайтын болсаңыз, пайдаланылған батареяларды шығарып қойыңыз.

- 1 ҚОРЕК: теледидарды қосу немесе күту режиміне ауыстыруға арналған.
- 2 САНДЫҚ МЕНЮ – пайдаланылмайды
- 3 Кескін режимі: кескін режимін қосуға арналған.
- 4 АҚПАРАТ – сигнал статусын, соның ішінде сигнал көзі мен арнаның аудио режимін көрсетуге арналған.
- БЕКІТУ: қарап отырған кескінді бекітуге арналған.
- 5 АУДИО I/II – ATV арналары үшін MONO, Nicam stereo режимдерін таңдауға арналған. DTV арнасы үшін дыбыс тілін таңдаңыз.
- 6 СУБТИТРЛЕР – субтитрлерді қосуға және өшіруге арналған.
- 7 Бағдарламалар нөмерлері: арнаға өту
- 8 СИГНАЛ КӨЗІ: сигнал көзін таңдау.
- 9 ДЫБЫСТЫ ҚОСУ/ӨШІРУ
- 10 Дыбысты басқару: дыбысты баптау
- 11 МЕНЮ: менюді шақыру
- 12 ОК: таңдауды растау
- 13 ШЫҒУ: алдыңғы менюге қайту түймесі
- TV: теледидар қарау режимін қосу
- 14 Телемәтін режимі/ USB-ден ойнату
- 15 ҚАЙТАЛАУ – пайдаланылмайды
- 16 ТЕЛЕМӘТІННІҢ ЖАСЫЛ ТҮЙМЕСІ/USB АЛДЫҒА ҚАРАЙ АЙНАЛДЫРУ
- 17 ТЕЛЕМӘТІННІҢ ҚЫЗЫЛ ТҮЙМЕСІ/USB ЖЫЛДАМ АЙНАЛДЫРУ
- 18 ТЕЛЕМӘТІН ФОНЫ
- 19 ТЕЛЕМӘТІН МӘТІНІ
- 20 ТЕЛЕМӘТІНДІ КӨРСЕТУ
- 21 ТЕЛЕМӘТІН ӨЛШЕМІ
- 22 ТЕЛЕМӘТІН УАҚЫТЫ/АСПЕКТ/ЖАЗБАЛАР ТІЗІМІ (телемәтін уақыты пайдаланылмайды)
- 23 ТЕЛЕМӘТІН РЕЖИМІ – пайдаланылмайды
- 24 ТЕЛЕМӘТІНДІ КІДІРТУ
- 25 ТЕЛЕМӘТІННІҢ ІШКІ КОДЫ: ТЕЛЕМӘТІННІҢ ҚОСЫМША БЕТТЕРІ
- 26 ТЕЛЕМӘТІННІҢ КӨГІЛДІР ТҮЙМЕСІ/USB КЕЛЕСІ ФАЙЛЫ
- 27 ТЕЛЕМӘТІННІҢ САРЫ ТҮЙМЕСІ/USB АЛДЫҒЫ ФАЙЛЫ
- 28 USB ТОҚТАТУ
- 29 USB КІДІРТУ
- 30 ЖАЗУ
- 31 ЖОҒАРЫ, ТӨМЕН, СОЛҒА, ОҢҒА КӨРСЕТКІЛЕРІ: позицияны таңдау
- 32 FAV – сүйікті арналарыңызға TV немесе DTV режимінде қатынауға арналған.
- 33 Бағдарламаны таңдау: келесі/алдыңғы арнаны таңдау үшін түймелерін басыңыз.
- 34 Электрондық телегид – электрондық нұсқаулықты TV режимінде көрсетуге арналған.
- 35 ОРАЛУ: алдыңғы арнаға оралу түймесі.
- 36 АРНАЛАР ТІЗІМІ: арналар тізімін көрсету.
- 37 ЭКРАН – кескін форматын баптауға арналған.
- 38 ТАЙМЕР – теледидардың өшу уақытын белгілеуге арналған.
- 39 ДЫБЫСТЫҚ РЕЖИМ: дыбыстық режимді таңдау
- 40 АШУ/ЖАБУ – пайдаланылмайды

ҚАШЫҚТЫҚТАН БАСҚАРУ ПУЛЬТІ


ТЕЛЕМӘТІН

Телемәтін ақпараттық жүйе болып табылады, ол белгілі бір арналарда трансляцияланады және оны газет сияқты оқуға болады. Ол есту қабілетінде кемістігі бар және трансляцияланатын тілді меңгермеген адамдар үшін субтитрлерді қамтиды (кабельдік желілер спутниктік арналар және т.б.).




ТҮЙМЕ:	ФУНКЦИЯЛАРЫ:
TEXT	Телемәтін режимін қосу не өшіру үшін пайдаланылады. Қосқанда экранда қолжетімді беттер тізімі пайда болады. Әр беттің үш санның тұратын номері бар. Егер таңдалған арна телемәтін трансляцияламайтын болса экранда 100 номерімен бос бет пайда болады (бұл жағдайда телемәтін режимінен шығып, басқа арнаны таңдайсыз).
БЕТТІ ТАҢДАУ CH+ ○ ○ ○ CH- ○ ○ ○ ○	Жоғары/төмен түймелерін пайдалану арқылы қажетті беттің номерін енгізіңіз. Мысалы: Егер 120-бет қажет болса, 120 санын енгізіңіз. Бет номері жоғарғы сол жақ бұрышта көрсетіледі, бет номерін енгізген соң ол экранға шығады. Басқа бетті таңдау үшін осы операцияны қайталаңыз. Егер номерді енгізген соң да бет көрсетілмесе, демек, ол трансляцияланбайды. Басқа номерді таңдаңыз.
БЕТТЕРГЕ ЖЫЛДАМ ҚАТЫНАУ ● ● ● ●	Схемадағы индикаторлар түсі беттің төменгі жағындағы индикаторлар түсіне сәйкес келеді. Төрт түрлі түсті түйме сәйкес беттерге қатынауға пайдаланылады. Индикаторлар бет уақытша қатынауысyz болған жағдайда жанады.
INDEX	Мазмұны бар бетке оралу түймесі (әдетте № 100 бетке)
SUB PAGE	Кейбір беттердің қосымша қойындылары бар, олар экранға автоматты түрде кезек-кезек шығады. Бұл түйме қойындыларды өткізіп жіберу не қайтару үшін пайдаланылады. Функция жоғарғы сол жақта көрсетіледі.
HOLD	Бұл түйме бетті бекіту үшін пайдаланылады.
REVEAL	Бұл түйме жасырылған кескіндерді көрсетеді (ойындардың шешімдері).
LIST	Пайдаланушы төрт бетті таңдаулы ретінде таңдап, түсі әр түрлі төрт түймеге бекіте алады. Тізім режимінде бұл түймелерді жылжу үшін пайдалануға болмайды. Таңдаулы беттердің номерлерін жүйелік бағдарламалық жасақтама көмегімен әр арна үшін ұзақмерзімді жадыға сақтау не одан жою керек.
SIZE	Бетті үлкейтуге арналған түймелер.
MIX	Телемәтінге мөлдір фон орнатуға арналған түймелер.

04 Пайдалану

Орнату жөніндегі нұсқаулық



Бұл сурет теледидарды алғаш қосқанда немесе зауыттық баптауларды орнатқанда ғана пайда болады:




1) ▼▲ түймелерін меню позициясын таңдау және баптауларды өзгерту үшін пайдаланыңыз. Растау үшін ОК түймесін қолданыңыз. Менюде көрсетілетін қажетті тілді, Үй/Дүкен режимін таңдаңыз.


2) ▼▲ түймелерін DVB-T/DVB – C таңдау үшін пайдаланып, таңдауды растау үшін ОК түймесін басыңыз.



а. Егер DVB-T таңдаған болсаңыз, келесі қадамда арналарды баптау типін және елді таңдаңыз, одан кейін баптауды бастау үшін ОК түймесін басыңыз.




б. Егер DVB-C таңдаған болсаңыз, келесі қадамда DVB-C жүйесінің конфигурацияларын (сканерлеу типі/ жиілік/желінің идентификациялық номері/таңбалық жылдамдық (KS/S) баптаңыз, одан кейін арналар типі мен елдер менюін шақыру үшін ОК түймесін басыңыз, DVB-T таңдағандағыдай әрекет етіңіз, одан кейін баптау типін (DTV/ATV) таңдаңыз. Қажетті елді таңдап, баптауды бастау үшін ОК түймесін басыңыз.




3) Арналар баптауы басталады. Бұл процесс бірнеше минутты алуы мүмкін. Экранда іздеу барысы мен табылған арналар саны көрсетіледі.

4) Егер ATV баптауын тоқтатқыңыз келсе, іздеу барысын тоқтату мақсатында МЕНЮ түймесін басыңыз. Экранда қалқымалы терезе пайда болады, ◀ түймесін басып, растау үшін YES параметрін таңдаңыз. Сіз бірден DTV баптауына өтесіз. Теледидарды келесі рет қосқанда экранда қайта орнату туралы ескерту пайда болады.

5) Баптау аяқталғанда арналар ретсіз орналасады. Арналарды жою, өзгерту, орындарын ауыстыру немесе атауларын өзгерту қажет болса, арна «Менюінен» «Өңдеу» бөлімін таңдаңыз.



6). Құттықтаймыз!




Баптауды аяқтау үшін ОК түймесін басыңыз.

1. АРНАЛАР МЕНЮІ

1.1. Автоматты баптау (DVB-T))

1) МЕНЮ параметрің одан кейін АРНА менюін таңдау үшін – ▼▲ түймелерің, одан кейін ОК түймесін басыңыз.


2) Автоматты баптауды таңдау үшін ▼▲ түймелерің пайдаланыңыз, одан кейін ОК түймесін басыңыз.



3). ▼▲ түймелерің DVB-T/DVB-C таңдау үшін пайдаланып, таңдауды растау үшін ОК түймесін басыңыз.



4). Арналарды баптау сияқты менюде ◀▶ түймелерің ATV/DTV/DTV+ATV таңдау үшін пайдаланыңыз. Еліңізді таңдау үшін ▼ түймесің, одан кейін ◀▶▼▲ түймелерің басыңыз. Растау үшін ОК түймесін басыңыз.




5) Арналар баптауы басталады. Бұл процесс бірнеше минутты алуы мүмкін. Экранда іздеу барысы мен табылған арналар саны көрсетіледі.

6) Егер ATV баптауын тоқтатқыңыз келсе, іздеу барысын тоқтату мақсатында МЕНЮ түймесін басыңыз. Экранда қалқымалы терезе пайда болады, түймесін басып, растау үшін YES параметрін таңдаңыз. Сіз

бірден DTV баптауына өтесіз. DTV баптауын өткізіп жіберу үшін, жоғарыда сипатталған процедураны орындаңыз. Теледидарды келесі рет қосқанда экранда қайта орнату туралы ескерту пайда болады.


7) Баптау аяқталғанда арналар ретсіз орналасады. Арналарды өткізіп жіберу, ретін өзгерту, орындарын ауыстыру немесе атауларын өзгерту қажет болса, арна «Менюінен» «Өңдеу» бөлімін таңдаңыз.



1.2. Автоматты баптау (DVB-C)

1). МЕНЮ параметрің одан кейін АРНА менюін таңдау үшін – ▼▲ түймелерің, одан кейін ОК түймесін басыңыз.


2). Автоматты баптауды таңдау үшін ▼▲ түймелерің пайдаланыңыз, одан кейін ОК түймесін басыңыз.




3). ▼▲ түймелерің DVB-T/DVB-C таңдау үшін пайдаланып, таңдауды растау үшін ОК түймесін басыңыз.



4). ▼▲ түймелерің сканерлеу/таңба типін (Ks/S) таңдау үшін пайдаланыңыз, таңдауды растау үшін ОК түймесін басыңыз.



5). Арналарды баптау сияқты менюде ◀▶ түймелерің ATV/DTV/DTV+ATV таңдау үшін пайдаланыңыз. Еліңізді таңдау үшін ▼ түймесің, одан кейін ◀▶▼▲ түймелерің басыңыз. Растау үшін ОК түймесін басыңыз.




6). Арналар баптауы басталады. Бұл процесс бірнеше минутты алуы мүмкін. Экранда іздеу барысы мен табылған арналар саны көрсетіледі.

7). Егер ATV баптауын өткізіп жібергіңіз келсе, іздеу барысын тоқтату мақсатында МЕНЮ түймесін басыңыз. Экранда қалқымалы терезе пайда болады, түймесін басып, растау үшін YES параметрін таңдаңыз. Сіз бірден DTV баптауына өтесіз. Осы операцияны DTV баптауын өткізіп жіберу үшін қайталауға болады. Теледидарды келесі рет қосқанда экранда қайта орнату туралы ескерту пайда болады.

8). Баптау аяқталғанда арналар ретсіз орналасады. Арналарды өткізіп жіберу, ретін өзгерту, орындарын ауыстыру немесе атауларын өзгерту қажет болса,

арна «Менюінен» «Өңдеу» бөлімін таңдаңыз.



ЕСКЕРТУ:

Егер DTV+ATV баптау типін таңдаған болсаңыз, ATV, DTV және Радионы қосқандағы барлық арналарды бір уақытта баптауға болады.


Барлық сақталған арналар автоматты баптаудан кейін жоғалып кетеді.

Автоматты баптаудан кейін DTV бірінші арнасына ауысады.

2.1 Өз бетіңізбен DTV баптау (DVB-T)

1). МЕНЮ түймесің, одан кейін APNA менюін таңдау үшін – ▼▲ түймелерің, одан кейін ОК түймесің басыңыз.


2). Өз бетіңізбен DTV баптауды таңдау үшін ▼▲ түймелерің пайдаланыңыз, одан кейін ОК түймесің басыңыз.



3). Экранда өз бетіңізбен DTV баптау терезесі пайда болады. Қажетті арнаны таңдау үшін ◀▶ түймелерің пайдаланыңыз, одан кейін іздеуді бастау үшін ОК түймесің басыңыз. Сигнал табылғанда кескін мен сигнал күші экранда пайда болады.

4). Менюге оралу үшін МЕНЮ түймесің басыңыз.

5). Менюден шығу үшін ШЫҒУ түймесің басыңыз.



2.2 DTV арналарын өз бетіңізбен баптау (DVB-C)

1). МЕНЮ түймесің, одан кейін APNA менюін таңдау үшін – ▼▲ түймелерің, одан кейін ОК түймесің басыңыз.


2). Өз бетіңізбен CADTV баптауды таңдау үшін ▼▲ түймелерің пайдаланыңыз, одан кейін ОК түймесің басыңыз.



3). Экранда өз бетіңізбен CADTV баптау терезесі пайда болады. (Жілілік/таңба (ks/s/QAM, QAM типті) таңдау үшін түймелерің пайдаланыңыз, одан кейін іздеуді бастау үшін ОК түймесің басыңыз. Сигнал табылғанда кескін мен сигнал күші экранда пайда болады.


4). Негізгі менюге оралу үшін МЕНЮ түймесің басыңыз.

5). Менюден шығу үшін ШЫҒУ түймесің басыңыз.



3.1 ATV аналогтық арналарын өз бетіңізбен баптау:

Дыбыс жүйесін өзгертуге, аналогтық арналарды іздеуге, таңдалған арналарды баптауға және сақтауға болады.



ЕСКЕРТУ:

Арналарды өз бетіңізбен баптағаннан кейін сақтау үшін қызық түймені басыңыз.

1). Өңдеу:

Кез келген бағдарламаны жоюға, атауын өзгертуге, орнын ауыстыруға және өткізіп жіберуге болады.

● Жою

Қызыл түймені бассаныз, таңдалған бағдарлама жойылады.

● Атауын өзгерту

Тек ATV бағдарламаларының атауын өзгертуге болады.

Бағдарламаның атауын өзгерту үшін бағыттағышты оған жылжытып, жасыл түймені басыңыз.

Таңбаларды таңдау үшін ▼▲ түймелерін пайдаланыңыз. Бағыттағышты жылжыту үшін ◀▶

түймелерін басыңыз.

Реттеу режимінен шығу үшін МЕНЮ түймесін басыңыз, менюден шығу үшін ҚАЙТУ түймесін басыңыз.

Ескерту: ATV бағдарламасы атауының ұзындығы бес таңбадан артық болмауы тиіс. DTV бағдарламалары атауының ұзындығы 25 таңбадан артық болмауы тиіс.

● Орнын ауыстыру

Орнын ауыстыру қажет арнаны таңдау үшін көрсеткілерді пайдаланыңыз. Одан кейін жылжыту функциясын таңдау үшін сары түймені басыңыз. Осы функцияны белсендірген соң, жылжыту үшін көрсеткілерді пайдаланып, одан кейін растау үшін ОК түймесін басыңыз.

● Өткізіп жіберу

Бағдарламаны таңдау үшін ▼▲ түймелерін таңдаңыз, одан кейін таңдалған бағдарламаны өткізіп жіберу үшін көгілдір түймені басыңыз. Оң жақта Ⓞ белгісі пайда болады.

Өткізіп жіберген бағдарламаны таңдау үшін, өткізіп жіберуден бас тарту мақсатында көгілдір түймені қайта басыңыз. Сонда Ⓞ белгісі жоғалады.

● Сүйікті арналар

Бағдарламаларды таңдау үшін ▼▲ түймелерін пайдаланыңыз, одан кейін FAV түймесін басыңыз, оң жақта ♥ белгісі пайда болады. Сүйікті бағдарламаңызды таңдап, FAV түймесін қайта басыңыз, бағдарламаны сүйікті бағдарламалар тізімінен ♥ белгісі жоғалғанда жоя аласыз.

Сүйікті арналар тізімін құрағаннан кейін FAV түймесін оларға жылдам қатынау мақсатында пайдалана аласыз.




2). Арналар қабылдайтын ұя туралы мәлімет: (опция)
Бұл меню қайта кодталған карта туралы мәліметті көрсете алады.

2. КЕСКІН МЕНЮ

Второй пункт МЕНЮ – МЕНЮ ИЗОБРАЖЕНИЯ.

Здесь Вы можете настраивать эффекты изображения, такие как контраст, яркость и т.д.

Используйте кнопку ОК для выбора и настройки.



ЕСКЕРТУ:


- 1). Түсті баптау функциясы тек NTSC жүйесінде бар.
- 2). Түс температурасының төрт режимі бар: орташа, жылы, суық және пайдаланушы.
- 3). Экранды тек компьютер қосулы кезде баптауға болады. Бұнда көлденең және тік орналасуды, өлшемді және фазаны реттеуге болады.

3. Дыбысты баптау менюі

МЕНЮ-дің үшінші пункті – ДЫБЫСТЫ БАПТАУ МЕНЮІ.

Бұнда жоғарғы дыбыс жиіліктерін, төменгі дыбыс жиіліктерің дыбыстық балансты және т.б. баптауға болады.

- ▼▲ түймелерін – таңдау, ОК түймесін – растау, ал
- ◀▶ түймелерін таңдалған параметрлердің мәндерін өзгерту мақсатында пайдаланыңыз.



ЕСКЕРТУ:


Дыбысты автоматты баптау функциясы кіріс сигнал күші шамадан тыс жоғары болғанда немесе дыбыс бұзылғанда ғана қатынаулы болады.

4. Уақытты баптау менюі

МЕНЮ-дің төртінші пункті – УАҚЫТТЫ БАПТАУ МЕНЮІ.

Бұнда сағатты баптауға, экран сағатын көрсетуге немесе жасыруға, өшіру таймерін баптауға және т.б. әрекеттер орындауға болады.

- ▼▲ түймелерін – таңдау, ОК түймесін – растау, ал
- ◀▶ түймелерін таңдалған параметрлердің мәндерін өзгерту мақсатында пайдаланыңыз.




ЕСКЕРТУ:

Егер уақыт көрсетілместен Auto Sleep функциясы қосулы болса, теледидар автоматты түрде күту режиміне өтеді. DTV жүйесінің арқасында уақыт автоматты түрде бапталады.

5. Параметрлер менюі

МЕНЮ-дің бесінші пункті – ПАРАМЕТРЛЕР МЕНЮІ.

Бұнда экран менюінің тілін, аудио және субтитрлер тілін және т.б. баптауға болады.



Автоматты өшу

1. Егер теледидар соңғы төрт сағат бойы өзгеріссіз жұмыс істесе, мысалы, арналар не дыбыс деңгейі

өзгертілмесе, теледидар автоматты түрде өшу мүмкін.

Алдымен экранда қалқымалы терезе пайда болады: Автоматты өшуді тоқтату үшін кез келген түймені басыңыз.

XXX's to automatic power-down
Please press any Key to Cancel

150 секундтан кейін теледидар автоматты түрде өшеді. Өшірмес үшін ҚБ пультіндегі кез келген түймені басыңыз.

2. Автоматты өшу функциясын болдырмас үшін, параметрлер менюінде автоматты өшу (4 сағат) функциясын өшіруді таңдаңыз.

OK түймесін басыңыз. Экранда келесі хабар пайда болады: «Сіз, шынымен, автоматты өшу функциясын өшіргіңіз келе ме?»


ЖОҚ параметрін таңдау үшін оң жақ көрсеткіні пайдаланыңыз.

Параметрлер менюіне қайтсаңыз, экранда автоматты өшу функциясы (4 сағат) пайда болады.

Автоматты өшу функциясы (4 сағат) ӨШІРУ.

Осы функцияны қайта белсендіру үшін, жоғарыда көрсетілген қадамдарды қайталаңыз, бірақ ИӘ параметрін таңдау үшін сол жақ көрсеткіні басыңыз.

PVR File жүйесінде USB-дискіне әдепкі PVR құрылғысы ретінде орнатуға болады.




ЕСКЕРТУ:

Зауыттық баптауларды орнату барлық бағдарламалар мен парольді жояды.

6. Баптауларды блоктау менюі

Шестой пункт меню – МЕНЮ БЛОКИРОВКИ НАСТРОЕК.

Вы можете заблокировать систему, установить пароль, заблокировать программу и ограничить просмотр для детей. После активации блокировки, Вы не можете искать каналы или изменять программы.



ЕСКЕРТУ:

Пароль по умолчанию: 0000. Если вы забыли пароль, можно ввести 9443.

Блокировка программы: используйте кнопки ▲▼ для выбора программы, затем нажмите зелёную кнопку телетекста для блокировки. Если Вы хотите разблокировать программу, зайдите в главное меню, введите пароль, затем снова нажмите зелёную кнопку. Для выбора уровня ограничения просмотра для детей используйте кнопки ◀▶.

7. Электрондық телегид менюі

Бұл меню күні бойы сандық телевизияда не радиода трансляцияланған мазмұнды қарау үшін пайдаланылады. Осы менюді шақыру үшін EPG түймесін басыңыз, бұдан кейін экранда келесі меню пайда болады:



1 АҚПАРАТ

Бағдарламаларды таңдау үшін түймесін пайдаланыңыз. Бағдарлама туралы негізгі ақпаратты көрсету үшін «Ақпарат» түймесін басыңыз.

2 ХАБАРЛАР БАҒДАРЛАМАСЫ

Хабарлар бағдарламасын көрсету үшін телемәтіннің сары түймесін басыңыз. ▼▲ түймесін – тізім таңдау, ал ● DELETE түймесін жою үшін пайдаланыңыз.

Schedule List 04:55 28th Apr Delete			
Time	Date	Programme Title	Channel Name

3 ● ЖАЗУ

Бағдарламаны жазуды бастау үшін қызыл түймені пайдаланыңыз.

4 ● ЕСКЕРТУ

Бір бағдарламаны таңдау және ескерту уақытын белгілеу үшін көгілдір түймені пайдаланыңыз, тиісті уақытта теледидар таңдалған бағдарламаға автоматты түрде ауысады.

Reminder	
<	1 TV3 >
<	37 Minute >
<	11 Hour >
<	Jan Month >
<	26 Date >
<	★ Once Mode >
OK	BACK

8. Pvr функциясы

1. Бағдарлама жазылуына дайындалыңыз

Бұл функция тек сандық телевизия режимінде бар.

ПАРАМЕТРЛЕР МЕНЮ-інде бағдарламаларды жазу функциясын таңдаңыз. «Жазу жүйесін тексеру» параметрін алдын ала тексеріп алуыңызды сұраймыз. OK түймесін басып, тексерудің аяқталуын күтіңіз: экранда «тексеру сәтті аяқталды» деген жазу пайда болады.

Ескерту: «жылдамдықты» тексеріңіз. Егер «HD қолдауы» таңдалған болса, демек, USB жылдамдығы жазуға жарайды. Егер олай болмаса, құрылғыны параметрлерге сәйкес болатындай форматтаңыз. Егер дискідегі орын жеткілікті болса, жазу ұзақтығының бастапқы шегі 6 сағатты құрайды. Егер дискідегі орын жеткіліксіз болса, жазу уақыты құрылғының бос жадына байланысты қысқарады. Жүйе тексеруі аяқталғанға дейін еш өзге операцияны орындамаңыз.

Жазуды жазу жүйесі (PVR) арқылы орындау керек. Жазылған файлдарды тек сол теледидарда қарауға болады, TS форматындағы файлдарды оқымайтын өзге құрылғыларда (компьютер, DVD және т.б.) оқу мүмкін емес.

Файлды жазу үшін, жазылған файлдарды сақтау


мақсатында USB құрылғыны форматтау қажет.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ: СЫРТҚЫ USB-ҚҰРЫЛҒЫНЫ ФОРМАТТАҒАНДА БАРЛЫҚ ФАЙЛДАР МЕН АҚПАРАТ ЖОЙЫЛАДЫ.


Сақталатын файл көлемі USB файлдық жүйесіне байланысты өзгереді.

Файлдық жүйе: NTFS – 2 ТБ-ға дейін
 FAT32 – 192 ГБ-ға дейін
 FAT16 – 2 ГБ-ға дейін

Параметрлер менюінде PVR жазу жүйесін таңдаңыз:




Файлдың қай дискіге сақталатынын таңдаңыз.





PVR жазу жүйесін тексеріңіз: жүйе USB-ге орнатылған ба, жоқ па.



Форматтау:



(Құрылғыны жазу процесін тездетуге мүмкіндік беретін "High Speed Fs..." бағдарламасының көмегімен форматтау ұсынылады)



Аяқталған соң келесі меню пайда болады:



2. Бағдарлама жазу

Сандық телевизия режимінде бағдарлама қарау

барысында қажетті бағдарламаны таңдап, «Жазу» параметрін басыңыз: жазу панелі пайда болады. Панельді жасыру үшін қайтадан «Жазу» параметрін басыңыз, «REC» белгісі жоғарғы сол жақ бұрышта қалады. «Тоқтату» параметрін бассаңыз, ол жоғалып кетеді.

3. Жазбаны ойнату

USB-ге жазылған бағдарлама құрылғыдағы «_MSTPVR» қалтасында сақталады.

1. Сақталған файл өлшемі 128 Мб-дан 500 Гб-ға дейін болуы мүмкін, бірақ ұсынылатын өлшем: 2 Гб-дан 500 Гб-ға дейін.
2. Егер тасымалдау жылдамдығы тым төмен болса, пикселдер көрінуі мүмкін. Бұның себебі USB-құрылғы мен теледидарды тікелей қосудың орнына екеуінің арасында қосқыш кабельді пайдаланғандықта болуы мүмкін.
3. Құрылғылардың барлығы бірдей теледидармен сыйысымды бола бермейді. Келесі тізімде ескерілмеген құрылғылар сыйысымды болуы мүмкін, бірақ дұрыс жұмыс істемеуі ықтимал. Сыйысымды USB-құрылғылар тізімі Timeshift функциясымен жұмыс істеуге жарайтын құрылғылар тізімімен сәйкеседі.

9. TIMESHIFT функциясы

1. Бағдарлама жазылуына дайындалыңыз

Осы теледидар бағдарламаларды тікелей эфирде тоқтатып, жазуға, сондай-ақ, өзіңіз тоқтаған жерге оралу үшін оларды USB-құрылғыларға сақтауға мүмкіндік береді.

ЕСКЕРТУ:

* USB 2.0 құрылғысын форматтау қажет. Құрылғыдағы ақпаратты форматтаудың алдында басқа орынға сақтау қажет. Форматтау аяқталғанда құрылғыдан барлық ақпарат жойылады.

Флеш-картаны форматтау

USB құрылғысын форматтап, Time Shift функциясымен жұмыс істеуге жеткілікті бос орын қамтамасыз етіңіз.



ЕСКЕРТУ:

Форматтау процесі кемінде 2 минут алады. Форматтау барысында қорек көзін өшірмеңіз және құрылғыны ажыратпаңыз.

USB-құрылғыны форматтау барысында жылдамдық тесті орындалады. Егер құрылғы тестілеуден өтпесе, демек, ол Time Shift функциясымен жұмыс істеуге жараймайды.

Сандық телевизия бағдарламасын флеш-картаға жазу

1. Сандық телевизия режимінде флеш-картаны теледидарыңыздың бүйір панеліндегі тиісті ұяға енгізіңіз.
2. Time Shift функциясын өшіру үшін кідіріс түймесін (29) басыңыз. Бұдан кейін Time Shift экран менюі пайда болып, жазу басталады.
3. Time Shift функциясы мен жазуды тоқтату үшін тоқтату түймесін (28) басыңыз.



ЕСКЕРТУ:

- USB-құрылғыны Time Shift функциясымен жұмыс істеу барысында суырмаңыз.
- 140 минуттық жазба шамамен 4 Гб жадыны алады.

Time Shift функциясының шектеулері:

1. Time Shift функциясымен жұмыс істегенде тек ОЙНАТУ/КІДІРТУ/ТОҚТАТУ/АЛДЫҒА ҚАРАЙ АЙНАЛДЫРУ/АРТҚА ҚАРАЙ АЙНАЛДЫРУ/ДЫБЫС ДЕҢГЕЙІН ЗОРАЙТУ/ДЫБЫС ДЕҢГЕЙІН АЗАЙТУ/ ДЫБЫСТЫ ӨШІРУ және кейбір негізгі түймелер (ОК/Шығу/көрсеткілер) ғана жұмыс істейді.
2. Егер құрылғы жылдамдығы минималды талаптарға сай болмаса, жазбаны ойнату сапасы нашар болуы мүмкін.
3. Time Shift функциясымен жұмыс істеу барысында USB-құрылғыны суырмаңыз және теледидарды өшірмеңіз. Сигнал жоғалғанда жазу бірден тоқтайды.
4. Time Shift функциясымен жұмыс істегенде сигнал көзін ауыстырмаңыз.
5. ОЙНАТУ/КІДІРТУ/АЛДЫҒА ҚАРАЙ АЙНАЛДЫРУ/ АРТҚА ҚАРАЙ АЙНАЛДЫРУ түймелерін тым жылдам және жиі баспаңыз.
6. Егер деректерді тасымалдау жылдамдығы тым төмен болса, пикселдер көрінуі мүмкін.
7. USB-құрылғылардың барлығы бірдей осы функциямен жұмыс істеуге жарай бермейді. Ток – 500 МА жоғары емес.

Төменде қолданысқа ұсынылатын құрылғылар тізімі берілген. Бұл тізімде ескерілмеген модельдер теледидармен сыйымсымды болуы мүмкін, алайда сапалы жұмысқа кепілдік жоқ.


- SanDisk Extreme Contour USB флеш-картасы – 8 Гб SDCZ-8192-E75
 - SanDisk Extreme Contour USB флеш-картасы – 16 Гб SDCZ8-016G-A75
 - Kingston Data Traveler 410 USB 2.0 флеш-картасы – 8 Гб DT410/8 Гб
 - Kingston Data Traveler 410 USB 2.0 флеш-картасы – 16 Гб DT410/16 Гб
 - OCZ Technology Rally 2 USB 2.0 флеш-картасы – 4 Гб – OCZUSB2DC-4 Гб
 - OCZ Technology ATV USB 2.0 флеш-картасы – 8 Гб OCZUSBATV– 8Гб
 - OCZ Technology Rally 2 USB 2.0 флеш-картасы – 8 Гб – OCZUSB2DC-8 Гб
 - SAMSUNG – HM5500JI –500G
8. Бұл функция барлық сандық телевизия үшін қолжетімді емес, ол шифрленген арналармен және тек аудио трансляциялайтын арналармен жұмыс істейді.

10. USB-ойнатқыш

Сигнал көзін таңдау түймесін басып, USB дегенін таңдаңыз, одан кейін USB менюін шақыру үшін ОК түймесін басыңыз.




USB-құрылғы ұяға енгізілгеніне көз жеткізіңіз. Таңдауыңызға төрт режим ұсынылады: фотосурет, музыка, фильм және мәтін. Қажетті режимді ◀ түймелерінің көмегімен таңдап, диск таңдау менюіне кіру үшін ОК түймесін басыңыз.



Қажетті дискіні таңдау үшін ◀ түймелерін пайдаланыңыз, одан кейін файлдар мен қалталарды көрсету үшін ОК түймесін басыңыз немесе режим таңдау менюіне оралыңыз.



◀ немесе ▼ түймелерін пайдалану арқылы файлды таңдаңыз, сонда экранда алдын ала қарау терезесі пайда болады. Таңдалған файлды толық экран режиміне шығару үшін ▶ түймешігін басыңыз. Фотосуреттер көрсету режимін іске қосу немесе тоқтату үшін түймесін басыңыз. Файлдармен (фотосуреттер, музыкалық файлдар, фильмдер немесе мәтіндік файлдар) жұмыс істеу барысында басқару панелін ОК түймешігінің көмегімен шығаруға болады.




Функцияны таңдау үшін ◀ түймелерін пайдаланыңыз, одан кейін таңдауыңызды растау үшін ОК түймесін басыңыз.

Басқару панелінен шығу үшін ▼ түймесін немесе ОРАЛУ түймесін пайдаланыңыз.

ЕСКЕРТУ:

Аудиожазба немесе бағдарламалар параметрлерін видеофайлды ойнату барысында Ақпарат менюінде реттей аласыз.

Басқару панеліндегі Ақпарат (Info) белгішесін таңдап, ақпараттық МЕНЮ-ді шақыру үшін ОК түймесін басыңыз.



Файлдарды USB-құрылғыдан ойнату бағдарламасы келесі фотосурет форматтарын қолдайды:

- JPEG («.jpg» кеңейтімді)
- BMP («.bmp» кеңейтімді)
- PNG («.png» кеңейтімді)

Қолдалатын музыкалық файлдар форматтары:

- MP3 («.mp3» кеңейтімді)
- WAV («.wav» кеңейтімді)



















Қолдалатын мәтіндік файлдар форматтары:

- TXT («.txt» кеңейтімді)

Қолдалатын видео форматтар:

- AVI («.avi» кеңейтімді)
- TS (MPEG2 & H.264)

05 Ақаулықтарды анықтау және жою

АҚАУЛЫҚ БЕЛГІСІ				ПРОВЕРКА
КЕСКІН		ДЫБЫС		
	«Қар жауып тұр»		Шу	Антенна орналасуы, бағыты және қосылымы
	Анық емес		Қалыпты	Антенна орналасуы, бағыты және қосылымы
	Кедергілер		Шу	Электр жабдығы, автомобиль/мотоцикл, флуоресцентті жарық
	Қалыпты		Жоқ	Дыбыс деңгейі (дыбыссыз режим қосылмағанын және аудиожүйенің дұрыс қосылғанын тексеріңіз)
	Жоқ		Жоқ	Қорек бауы қосылмағанҚорек жоқ. Контрасттылық пен жарқындық/дыбыс деңгейі баптауларыТексеру үшін күту режимін қосу түймесін басыңыз
	ақ-қара		Қалыпты	Түсті бақылау
	кескін жоқ		Қалыпты немесе нашар	Арнаны қайта баптаңыз
	ақ-қара		Шу	Телевизиялық жүйе
	Жоғарғы және төменгі жағындағы қара рама		Қалыпты	Кескінді үлкейтіңіз

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР

Кескін жүйесі	PAL-B/G,I,D/KSECAM-B/G,D/K,L,L'
Дыбыс жүйесі	BG, DK, I, L, L'
Видеосигнал өнуі	SCART, YPbPr, AV,VGA, HDMI, USB
Ү/Pb/Pr	480i/p, 576i/p,720p,1080i,1080p
HDMI	480i/p, 576i/p, 720p,1080i,1080p
Қорек	220-240В~50Гц
Электр қуатын тұтынуы	75 Вт
Аудиосигнал шығысы	2x8Вт
Электр қуатын күту режимінде тұтынуы	<0,5Вт
Температура және ылғалдылық	Жұмыс температурасы (салыстырмалы ылғалдылық): +5°C - +35°C (20% - 80%) Сақтау температурасы (салыстырмалы ылғалдылық): -15°C - + 45°C (5% - 90%)
Жинақталуы	Пайдалану бойынша нұсқаулық ҚБ пульті Екі батарея Пайдалану жөніндегі қысқаша нұсқаулық Гарантиялық талон
Көлемі:	Түпқоймасыз (мм): 747*46*452 Түпқоймамен (мм): 747*180*495
Салмағы	Түпқоймасыз: 6,65 кг Түпқоймамен бірге: 7,4 кг

Назар аударыңыз!

Осы теледидардың берілген техникалық параметрлері тек таныстыру мақсатында ұсынылады. Техникалық сипаттамалары жаңарылуы мүмкін. Бұл бұйымның дизайны мен техникалық сипаттамалары алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.

SCART ҰЯСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ:

1. ATV/AV/SCART көзі пайдаланылса, scart кіріс сигналы – ATV.
2. DTV көзі пайдаланылса, scart кіріс сигналы – DTV.
3. Басқа көздердің scart кіріс сигналы болмайды.



Haier

Филиалы Изготовителя (код филиала Изготовителя указан на Изделии):

- A** «Haier Overseas Electric Co., Ltd.», Китай
Haier Group, Haier Industrial Park, No 1, Haier Road, Hi-tech Zone, 266101, Qingdao, P.R. China
- B** «Haier Electrical Appliances Corp., LTD., Ltd.»
Haier Group, Haier Industrial Park, No 1, Haier Road, Hi-tech Zone, 266101, Qingdao, P.R. China
- C** «Haier Italy Appliances S.p.A.», Италия
ViaCeresone2/B, 35010 Campodoro (PD), Italy
- D** «Haier Appliances (India) Pvt., Ltd.», Индия
B-3, Ranjangaon Growth Centre, MIDC Ranjangaon, Tal: Shirur, Dist: Pune, Maharashtra State, India

Өндіруші филиалдары (Өндіруші филиалының коды Бұйымда көрсетілген):

- A** «Haier Overseas Electric Co., Ltd.», Қытай
Haier Group, Haier Industrial Park, No 1, Haier Road, Hi-tech Zone, 266101, Qingdao, P.R. China
- B** «Haier Electrical Appliances Corp., LTD., Ltd.»
Haier Group, Haier Industrial Park, No 1, Haier Road, Hi-tech Zone, 266101, Qingdao, P.R. China
- C** «Haier Italy Appliances S.p.A.», Италия
ViaCeresone2/B, 35010 Campodoro (PD), Italy
- D** «Haier Appliances (India) Pvt., Ltd.», Үндістан
B-3, Ranjangaon Growth Centre, MIDC Ranjangaon, Tal: Shirur, Dist: Pune, Maharashtra State, India

Изготовитель:

HAIER ELECTRICAL APPLIANCES CORP.,LTD
«Хайер Электрикал Апплиансес Корп. Лтд.»

Адрес Изготовителя:

Haier Group, Haier Industrial Park, No 1, Haier Road, Hi-tech Zone, 266101, Qingdao, P.R. China

Хайер Индастриал Парк, Хайер Родд, Хай-теч Зоне, Циндао, 266101, КНР

Импортер:

ООО Торговая компания «Хайер Рус»

Адрес Импортёра:

121099, Москва, Новинский б-р, д. 8, оф. 1601, БЦ Лотте Плаза

Өндіруші:

HAIER ELECTRICAL APPLIANCES CORP., LTD
«Хайер Электрикал Эпплайэнсес Корп. Лтд.»

Өндіруші мекенжайы:

Haier Group, Haier Industrial Park, No 1, Haier Road, Hi-tech Zone, 266101, Qingdao, P.R. China

Хайер Индастриал Парк, Хайер Роуд, Хай тек

Импорртаушы:

«Хайер Рус» сауда компаниясы ЖШҚ

Импорртаушы мекенжайы:

121099, Мәскеу, Новинский б., 8-үй, 1601, «Лотте Плаза» бизнес-орталығы